

**Арыс қаласы адами әлеуетті дамыту бөлімінің « №2 бастауыш мектебі »
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Әлеуметтік педагогтың
2021 -2022 оқу жылындағы
жылдық қорытынды есебі**

2021-2022 оқу жылы

**Арыс қаласы адами әлеуетті дамыту бөлімінің « №2 бастауыш мектебі »
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2021-2022 оқу жылындағы
әлеуметтік педагогтың атқарған жұмысының есебі.**

« № 2 бастауыш мектебі » коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2021-2022 оқу жылында аз қамтылған , көп балалы отбасы, жартылай жетім,ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құжаттары жинақталып,тегін бір мезгіл

ыстық тамақпен тамақтануға берген өтініштері бойынша білім бөлімінің жолдамасымен 77 оқушы тізімге ілінген.

Комиссия мүшелері ай сайынғы тамақ өнімдерін, әкелінген азық- түлікті қабылдап, беріліп жатқан бір мезгіл ыстық тағамдарды перспективалық менюге сәйкестігіне қарайды. Тағамдарды дайындау технологиясына тоңазытқыш – технологиялық жабдықтардың жарамдылығы, өнімдердің және дайын тағамдар-

дың сақтау мерзімдері күнделікті бақылауда жауапты қызметкер бракеражды журналды уақытылы толтырып отырады.

таныстырылған. 1-2 ауысымдағы тамақ ішу кестесі асханада ілінген. Оқушылардың асханадағы тамақтану кестесі құрылған. Оқушылар тамақтану кестесімен Кестедегі көрсетілген жауапты сынып жетекшілер белгіленген.

1-ауысым оқушыларын 3 сабақтан кейін сағат 11:10-11:20 , ал 2 –ауысым оқушыларын 3 сабақтан кейін сағат 15:50-16:00 аралығында тамақтанады.



Комиссия мүшелері мектеп асханасында әлеуметтік есептегі оқушыларға берілетін ыстық тамақтың сапасын үнемі тексереді. 77 оқушыға берілетін бір мезгіл ыстық тамақтың ас мәзірі жасалған.

Ыстық тамаққа қажетті азық-түлік мемлекеттік сатып алу заңына сәйкес жеке кәсіпкер А.Сәрсенбековамен қамтамасыз етіледі. Күнделікті дайын тамақтың сынамалары алынып отырады. Комиссия мүшесі дайын тамақтың дәмін көріп, сапасына мән береді. Ыстық тамақпен қоса ас мәзіріне қарай балаларға көкөніс салаттары, алма, бал қосылған шәй, шырынды сусындар беріліп тұрады.

Ата-аналар мен мұғалімдердің шағым және ұсыныс жазуға дәптер ілінген. Асхананың санитарлық жағдайына және ас мәзірін үнемі қадағалауда ұстайды.

«**Мектеп асханасы**» республикалық акциясына орай әлеуметтік педагог М.Жумахаева мен медбике О.Баймаханованың тарапынан ыстық тамақпен қамтылатын оқушылардың рационын бірыңғай стандарттарына сәйкестендіру мақсатында және асхана қызметкерлерінің санитарлық-эпидемиологиялық сауаттылығын қамтамасыз ету үшін, қоғамдық денсаулықты нығайту, өзара ынтымақтастықты күшейту бойынша тәжірибе алмасу жұмыстары өткізілді.

Ыстық тамақпен қамтамасыз етілген оқушылардың тағамдары қауіпсіз, ас мәзіріне сәйкес әзерленіп беріледі. Сонымен қатар берілетін тағам түрлері балғын өнімдермен қамтылады.





Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқарма басшысының орынбасары
А.Садықованың 2021 жылғы 24 қаңтардағы жолданған
№04/247 санды хатына сәйкес тиісті жұмыстар атқарылып, ата-аналарға
« Мектепке жол » платформасының қызметі туралы кең ақпараттық-түсіндіру
жұмыстары жүргізіліп, 84 ата-анадан 77 балаға өтініш тасталды.





«Қайырымдылық жасау-ізгі қасиеттердің бірі» мектепшілік қайырымдылық акциясы өтті. Қайырымдылық-көмекті қажет етушілерге білдірілетін сүйіспеншілік пен нақты көмек. Қайырымдылық-адамның асыл қасиеттерінің бірі. Адамдар бір-біріне қайырымдылық, мейірімділік таныту арқылы жақсылық жасайды. Қамқорлықты қажет ететін жандарға қол ұшын беру арқылы адам баласы жақсылыққа қадам басады. Акцияның мақсаты - оқумен қамтылмаған мектеп жасындағы балаларды анықтау, сондай-ақ материалдық көмекке мұқтаж көпбалалы, аз қамтылған отбасыларға, жетім және жартылай жетім, қамқорлыққа алынған балаларға әлеуметтік көмек пен қолдау көрсету.





Дайындаган элеуметтік-педагог *М.Жумахаева* М.Жумахаева